

Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2009 жылғы 31 наурыздағы N 15-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 сәуірде N 7-1-134 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы N 27-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2010.03.12 N 27-11 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, 47 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабының 4) тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру құқығы берілсін.

2. Орал қаласының 2009 жылға арналған бюджетінен Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру" 100 кіші бағдарламасы, "Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қолдау" 6.02.464.008. бағдарламасы бойынша 110 412 (жүз он миллион төрт жүз он екі) мың теңге сомасында қаржы бөлу қамтамасыз етілсін.

3. Орал қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша шаралар қ а б ы л д а у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Орал қалалық мәслихатының "Орал қаласындағы білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілер үшін қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүру туралы" 2008 жылғы 31 наурыздағы N 6-10 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-86 тіркелген, 2008 жылғы 1 мамырда "Жайық үні" газетінде және 2008 жылғы 17

сәуірде "Пульс города" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға
таратылады.

*Орал қалалық мәслихатының кезекті
15-ші сессиясының төрағасы*

Орал қалалық мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК